





Бекітілді:
«Тайтөбе ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
директоры:
 Алыева Г.С.
« 02 » 09 2025 ж.



Келісілді:
Директордың оқу-ісі жөніндегі
орынбасары:
 Татиева К.Ш.
« 28 » 08 2025 ж.

Келісілді:
Ғылыми-әдістемелік жұмыс
орынбасары
 Кабденова Г.К.
« 28 » 08 2025 ж.

Қаралды:
Әдістемелік бірлестік
жетекшісі:
 Жилкибаева А.К.
« 28 » тамыз 2025 ж.

№1 хаттама

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар Элективті курс

Пәні: Қазақ әдебиеті
Сыныбы: 10 “А,Ә”
Мұғалім: Маркеш Аида Ерболқызы

2025-2026 оқу жылы

БАҒДАРЛАМА
элективті курс
гимназиялық компоненттің арнайы курстары

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙЫҚ!
8-11 сынып оқушыларына арналған

аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

Мукышева Галия Карипжановна
Коммуналдық мемлекеттік мекеме.
№ 94 мектеп - гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Байжанова Рая Махмутовна
Коммуналдық мемлекеттік мекеме.
№ 27 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Пікір жазған: Төлеуп Мира Мухамедьяровна, филология ғылымдарының кандидаты,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің тіл
білімдері кафедрасының меңгерушісі.

Түсініктеме хат

Элективті курс «Ұлттық құндылықтарымызды бағалайық!» бағдарламасы орта мектептің 8-11 сыныптарына арналып құрылған. Барлығы 34 сағатқа жоспарланып жасалған.

Бұл бағдарлама оқушылардың салт –дәстүр туралы білімін тереңдете отырып , ой - өрістерінің дамуына , халқымыздың салт-дәстүрін сақтауға , құрметтеуге және бағалауға баулиды.

Курстың ерекшелігі: оқушының өз-өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін ұстай білуге баулиды , оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттай отырып , ізденімпаздыққа үйретеді , салт-дәстүрімізді терең біле отырып , қазақ халқының ұлттық мінез- құлқын , қасиеттерін таниды. Ою – өрнектерін , зергерлік әшекей бұйымдарын , қолөнерін көре отырып , өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал етеді. « Мәңгілік Ел» идеясының философиялық мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе - ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек , ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруда басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолдау үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды , ар, намыс , ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіңдіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор. Қазақ болашағы тектілік пен кісілікті , бірлік пен татулықты , білім мен адамгершілікті ұштастыру негізінде жүруі тиіс. Отбасы мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Отбасы болашақ жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып , олардың санасына патриоттық сезім ұялатуы тиіс.

Бұл бағдарлама орыс мектептеріндегі 8 - 11 сынып оқушыларына арнап шығарылған. Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына халықтың салт-дәстүрлерінің тәрбиелік , танымдық маңызы зор. Еліміздің тұңғыш президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдауында «Табысты болудың ең іргелі , басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі , құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп болашақ ұрпақтың білімді болуына ерекше назар аударып , мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мен қалыптастыру қажеттілігін көрсеткен.. Дәстүр атадан балаға қалып отыратын , ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын , тарихы нақты қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер жиынтығы. Дәстүр ұлттық мәдениет пен тығыз байланыста

болады. Ұлттардың салт- дәстүрлеріндегі мінез-құлықтары мен өздеріне тән қасиеттері бір-бірлеріне ұқсап бір-бірлерін өзара толықтырып отырады.

Элективті курс жұмысының мақсаты:

- қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптарын, тұрмыс – салт дәстүрлерін, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерін үйрету;
- оқушының ой-өрісін, сөйлеу тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өз бойларындағы қабілеттерін аша білуге ықпал жасау;
- жас ұрпақты ұлттық салт - дәстүрімізді қадірлеуге, бағалай білуге тәрбиелеу;
- жас ұрпақтың білім алу мәселелеріне кеңес беру және оларды ғылыми- зерттеу жұмыстарымен айналысуға тарту;
- дарынды және талантты балаларды оқыту;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту;
- оқушылардың мәдени құзыреттілігін ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және оны тәжірибелік эксперименттен өткізу;

Міндеттері:

- ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу;
- оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктерін айқындау;
- оқушылардың мәдени құзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану әдістемесінің тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру.

Бұл бағдарламаның мазмұны ғасырлар бойы атадан балаға беріліп, ұрпақтан -ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт - дәстүрлерінен тұрады.

Жалпы оқу үрдісінің сипаттамасы, әдістері, жұмыстың түрлері:

- сөздік жұмысы, анықтамаларды, сөз үйрету техникасын қолдану.
- тіл дамыту жұмыстары.
- пікірлесу, сұхбат алу, талқылау.
- слайд, презентация жасау.
- мәтін құрастыру, эссе жазу, баяндамалар т.б.
- ойындар, қойылым, көрініс көрсету
- мұражайларға экскурсия
- заманауи талапқа сай киіз үйдің макеттерін жасау, қолөнер түрлерін жасап үйрену.
- зерттеу жұмыстарын жүргізу, жоба қорғау.
- оқушылардың өзін-өзі және өзара бағалауы („Бағдаршам“ стратегиясы, стикермен бағалау; „Екі жұлдыз, бір тілек“).
- оқыту мен оқуда АКТ қолдану.
- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер
- диалогтік оқыту (әңгіме дебат; зерттеушілік әңгіме, кумулятивтік әңгіме)
- ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс
- инклюзивті оқыту
- сын тұрғысынан ойлауға үйрету („Инсерт“ „Синквейн“, „Фишбоун“, „10 сұрақ“ т.б.)
- Блум таксономиясы
- талантты және дарынды балаларды оқыту (флипчартпен жұмыс, постер қорғау т.б.)
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Элективті курс бағдарламасы бойынша күтілетін нәтиже:

Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерін тереңірек түсіну;

- Өз бетінше қосымша мағлұматтар іздей отырып, ойларын, білімдерін саралау;
- Талқылауда өз ойларын ортаға салу;
- Қолөнер түрлерін тәжірибеде жасаудың жолдары туралы өз ойларын толық жеткізу;
- Ұлттық қолөнерімізді заманауи талапқа сай жаңғырту, өмірде пайдалану;
- Ұлттық құндылықтарымызға ерекше құрметпен қарап, бағалай білу;

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

Кіріспе.

1сағат.

Бұл бөлімде оқушыларға жалпы қазақ этнопедагогикасы туралы әңгімеленеді. Қазақ халқының қалыптасқан әдет- ғұрыптары мен салт- дәстүрлерінің тәлім- тәрбиелік, білім- танымдық рөлі орасан зор. Адамның өмірге келген күнінен бастап, оның есейіп, қартайып, о дүниеге кеткенге дейінгі өмірі мен іс - әрекеті, өмірдегі басқалармен қарым -қатынасының барлығы – ұлттық әдет - ғұрыптар мен салт дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын үлкен тәрбие мектебі.

I - бөлім. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары – 8 сағат. Бұл бөлімде оқушылар қазақ халқының ең үлкен салт - дәстүрлері: амандасу салты, ұлттық отбасы тәрбиесі, бала тәрбиесіне байланысты шілдехана, балаға ат қою, бесік той, бесік жырлары, тұсау кесу, сүндет той, бауырына салу, асырап алу туралы білімдерін кеңейтеді. Өйткені қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

II - бөлім. Тұрмыс – салт дәстүрлері – 8 сағат. Бұл бөлімде киіз үй (сыйлы орын «төр»; үй иесінің орны; аспаздық бөлігі; отбасындағы жастар орны; ат-әбзелдер сақтайтын орын; «босаға мен кіре беріс»; киіз үйдің ортасы- ошақ туралы әңгімелеу), киіз үйдің жиһаздары, қолөнер түрлері, ұлттық киімдер мен ұлттық тағамдар туралы білімдерін толықтырады.

III - бөлім. Ата кәсіп - 4 сағат. Халқымыздың ата кәсіптерімен таныстыру. Қазақтың көшпелі тұрмысындағы төрт түлік малдың ерекше алатын орны туралы әңгімелеу. Егіншілік, аңшылық, балық аулау кәсіптерімен таныстыру. Қазақтың ең көне ұлттық өнері – атбегілік туралы үйрету. Құсбегілік өнердің қыр-сыры, алатын орны туралы әңгімелеу.

IV - бөлім. Әлеуметтік- мәдени салт - дәстүрлер. – 13 сағат. Туыстық қарым – қатынастар (үлкенді сыйлау, кішіге қамқоршы болу, «жеті ата», «жеті қазына», «жеті» саны т.б.) және оның ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Үйлену-үй болуға байланысты салт-дәстүрлер, қонақ күту, халықтық ұлттық мерекелерді өткізу, өлікті жөнелту рәсімдерімен таныстыру. Ұлттық музыкалық аспаптары туралы оқушының дүниетанымын кеңейту.

Жоба қорғау – 1 сағат

Нормативтік бөлім
10-сынып
Барлығы: 34 сағат, аптасына 1 сағат

Р.с	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі	Мерзімі
			Барлығы	Лекция Теория	Тәжірибе		
1	Кіріспе.	Элективті курстың мазмұнымен, мақсатымен таныстыру.	1	1		Әңгімелеу	02.09.25
№1 бөлім. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптары №1 Бөлімше. Барлығы 8 сағат: теория 6 , тәжірибе 1							
1.1.	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі	Ата-ананың рөлін түсіндіру	1	1		Презентация жасау	02.09
1.2.	Жеті, тоғыз, он екі, қырық сандарына байланысты ырымдар.	Жеті, тоғыз, он екі, қырық сандарына байланысты ырымдардың ерекшелігімен таныстыру, білу.	1	1		Слайд Жасау	09.09
1.3	Тоқым қағу тойы	Тоқым қағу тойының маңыздылығын түсіну, айта білу.	1		1	Зерттеу Жұмысы	16.09
1.4	Қозы жасы	Тақырыпқа байланысты өз ойын айта білу	1	1		Эссе жазу	23.09
1.5	Қой жасы	Қой жасы туралы білімдерін кеңейту	1	1		Ойтолғау	30.09
1.6	Жылқы жасы	Жылқы жасы туралы білімдерін кеңейту	1	1		Әңгімелеу	07.10
1.7	Патша жасы	Патша жасы туралы білімдерін кеңейту	1	1		Әңгімелеу	14.10
№2 бөлім Тұрмыс-салт дәстүрлері Барлығы 8 сағат: теория 4, тәжірибе 4.							
2.1	Киіз үйдің киіздері	Киіз үйдің киіздерімен	1		1	Флипчарт-пен	21.10

		таныстыру. Киіз үйді заманына сәйкес жаңғырту.				Жұмыс	
2.2	Теріден жасалатын бұйымдар	Оқушының танымдық қабілетін дамыту.	1	1		Слайд	04.11
2.3	Ағаштан жасалатын бұйымдар	Ағаштан жасалатын бұйымдармен таныстыру, білу	1		1	Сандықша жасау	11.11
2.4 2.5	Құрақ көрпе	Ұлттық қолөнерімізді дәріптеу, жаңғырту.	2	1	1	Құрақ көрпе тігу	18.11, 02.12
2.6	Космогондық оюлар	Космогондық оюлармен таныстыру, ою - өрнектерді дұрыс қолдана білу.	1		1	Зерттеу жұмысы	25.11
2.7	Шолпы, шашбау, бойтұмар т.б.	Қазақтың зергерлік бұйымдарының ерекшеліктерімен таныстыру	1	1		Альбом жасау	09.12
2.8	Жылқы - малдың патшасы	Ұлттық тағамдарды сақтаудың әдістерін білу, өмірде пайдалану	1	1		«Синквейн стратегия-сы	16.12, 23.12
№3 бөлім Ата кәсіп. Барлығы 4 сағат: теория 4 сағат							
3.1	Ұлттық тағамдарды сақтау әдістері	Жылқы туралы білімдерін кеңейту	1	1		Зерттеу жұмысы	23.12
3.2	Түйе бағу	Түйе бағудың пайдасын түсіндіру	1	1		Бейне ролик	13.01.2026
3.4	Саятшылық-тың байырғы түрі – ит қосу	Тақырыпқа байланысты өз ойын айта білу	1	1		Слайд жасау	20.01

3.5	Құс салу	«Құс салу» дәстүрінің ерекшелігін түсіну, жаңғырту.	1	1		Бейне Ролик	27.01
№4 бөлім. Әлеуметтік - мәдени салт - дәстүрлер							
Барлығы: 14 сағат: теория 9, тәжірибе 3,							
4.1	Қазақ ауылы	Қазақ ауылының ерекшелігімен таныстыру, білу	1	1		Эссе жазу	03.02.
4.2	Рулық қоғамдық бірлестік	Оқушының танымдық қабілетін дамыту	1	1		Жеті атасын білу	10.02
4.3	Жігіттің үш жұрты	Жігіттің үш жұртын білу маңыздылығын түсіндіру	1	1		Ой толғау	17.02.
4.4	Өнер алды-қызыл тіл	Шешендік сөздердің мағынасын түсіну, үзінділер жаттау	1		1	Шағын көрініс	24.02
4.5	Діни мейрамдар	Діни мейрамдардың маңызын түсіндіру.	1	1		Бейне Көрініс	03.03
4.6	Ұрын келу немесе ілу тойы	Қазақтың отбасына байланысты дәстүрлерін білу	1	1		Презента Ция	10.03
4.7	Бүгінгі күннің салт –дәстүрлері	Бүгінгі күннің салт –дәстүрлерін білуге үйрету, тәрбиелеу	1	1		Слайд	17.03
4.8	Тойда айтылатын өлеңдер, тілектер	Өлеңдерді, тілектерді жаттау	1	1		Жинақ құрастыру	.31.03
4.9	Жерлеу және ас беру рәсімдері	Жерлеу және ас беру рәсімдері туралы мағлұмат беру	1	1		Әңгімелеу	07.04

4.1 0 4.1 1	Қазақтың халық әндері	Қазақтың халық әндерінің тәрбиелік мәнін түсіну	2	1	1	Зерттеу жұмысы	14.04, 21.04
4.1 2	Жыл қайыру	Оқушының танымдық қабілетін дамыту	1	1		Мәтін құрастыру	28.04
4.1 3	Ізденіс сабағы	Қайталау	1			Эссе жазу	05.05
4.1 4	Жоба қорғау	Алған білімдерін қорытындылау	2		1	Жоба	12.05,19.05
	Барлығы:		34	26	8		